

Шектеу іс-шараларын тоқтату және Павлодар облысы Аққулы ауданы Қарақала ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы "Аққулы ауданы Қарақала ауылдық округі Қарақала ауылының аумағында шектеу іс - шараларын белгілеу туралы" № 1-04/2 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Павлодар облысы Аққулы ауданы Қарақала ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 31 наурыздағы № 1-04/5 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 8 сәуірде № 27474 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 35 - бабы 2 - тармағына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабы 1 - тармағына, Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 - бабы 8) тармақшасына сәйкес және Аққулы ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық - санитариялық инспекторының 2022 жылғы 3 наурыздағы № 1.1-28/16 ұсынысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Аққулы ауданы Қарақала ауылдық округі Қарақала ауылының аумағында ірі қара малдың арасында вирустық диарея ауруын жою бойынша кешенді ветеринариялық іс-шаралардың жүргізілуіне байланысты, белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Павлодар облысы Аққулы ауданы Қарақала ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы "Аққулы ауданы Қарақала ауылдық округі Қарақала ауылының аумағында шектеу іс - шараларын белгілеу туралы" № 1-04/2 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26545 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қарақала ауылдық округінің әкімі

Е. Наскенов